

Қамқоршылық кеңес отырысының

ХАТТАМАСЫ № 1

Күні: 06.10.2022 ж

Қатысқандар: 5 адам, мектеп директоры Б.Кишанова

Қатыспағандар: 4 адам

2022 жылдың 06 қазан күні «К Төгісов атындағы орта мектебі» КММ-де қамқоршылық кеңес отырысы болып өтті.

Күн тәртібінде:

1. Білім беру ұйымы басшысының есебі.
2. Биылғы жылғы тегін мектеп формасы мен аяқ киім туралы есеп
3. «Мектепке жол» акциясы туралы есеп .

Тыңдалды:

1. Бірінші мәселе бойынша мектеп директоры Бота Сыдықовна есеп берді. Мектепке бейне бақылау жүйесі: 1440000 теңгеге, турникет 700000 теңгеге, дабыл сигнализациясы 200000 теңгеге, ас бөлмесіне арналған пеш 185000 теңгеге, қысқа толқынды пеш :185000 теңгеге, тоназытқыш:115898 теңгеге, асханаға стол ,орындықтар:534280 теңгеге, сөрелер: 140000 теңгеге құрал жабдықтар алынғанын ,енді мектепке күрделі жөндеуден кейін безендіру жұмыстарын жүргізілуде екенін атап өтті.

2. Екінші мәселе бойынша мектептің әлеуметтік педагогы Чугаева Гульмира Жубаевна есеп берді.

Биылғы жылы мектеп бойынша 95(тоқсан бес) балаға тегін мектеп формасы мен аяқ киім таратылды, бұл категорияға АӘК алатын отбасынан шыққан және көп балалы отбасынан шыққан оқушыларға берілді.

Биылғы жылғы «Мектепке жол» акциясында балаларға оқу құрал жабдықтар алынып берілді . Атап айтқанда

Мектеп директоры Б Кишанова -5(бес) балаға сумка мен оқу құралдарын берді.

Қабанбай ауылдық оқуығының почта меңгерушісі Серкенова Ш-1(бір) балаға сумка мен оқу құрал алып берді.

Мектептің ДТІЖО Сакиева М -1(бір) балаға көмек көрсетті оқу құралдарын алып берді.

Мектептің әлеуметтік педагогы-1(бір) балаға оқу құрал мен сумка алып

берді.

Шағыраева Гүлжанат-1 балаға аяқ киім алып берді

Биылғы оқу жылына қарсы «Самұрық қазына» қорынан 1(бірінші) сыныпқа баратын көп балалы және аз қамтылған отбасынан шыққан алты оқушыға сумка оқу құрал жабдықтарымен берілгені туралы айтып өтті.

Жарыс сөз

1. Тыңдалған мәселелер бойынша қамқоршылық кеңес төрағасы Шынар Серкенова бірінші мәселе бойынша мектептің ағымдағы жұмыстары туралы қанағаттанарлық деген баға береміз.
2. Қамқоршылық кеңес мүшесі Қасенова Нүргүл мектептің өте жақсы жөнделгенін, жылы екенін айта келе енді мүмкіндік болса қыз балаларға тігу, тоқу үйірмелерін ашса деген пікір айтты.
3. Ауылымыздың учаскелік инспекторы Е Бақытханов қайырымдылық акциясы кезінде өз тарапынан көмек жасауға ниетті екенін атап өтті.

Шешім:

1. Алдағы уақытта өтетін Республикалық «Қамқорлық» акциясы кезінде қамқоршылық кеңес мүшелерімен бірігіп жәрменке ұйымдастыру, акцияға меценаттарды тарту. Түскен қаражат жалғыз басты, көп балалы, аз қамтылған оқушыларға бөлініп берілсін
3. Жаңа жылдық шыршаны ұйымдастыру және өткізу барысында дарынды және талантты балалар марапатталсын.
4. Мектеп пен отбасы арасындағы байланыс нығайтылсын.

Кеңес төрағасы:



Ш Серкенова

Кеңес хатшысы:



Г Чугаева

Хабарлама

Биылғы жылы мектеп формасы мен аяқ киім 95 балаға берілді. Мектеп формасы көп балалы және әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасынан шыққан оқушыларға берілді. Биыл тамыз айынан қыркүйек айына дейін «Мектепке жол» акциясы өтті, бұл акцияда мектепке келетін балалардың жағдайларын зертей отырып мұқтаж балаларға мектепке керек оқу құралдарын және тағы басқа керек заттарын демеушік жасау арқылы алып берді.

Демеушілік жасағандар

Кишанова Бота- 5балаға оқу құрал , сумкасымен алып берді

Шағыраева Гүлжанат-1 балаға аяқ киім алып берді

Серкенова Шынар-10000 тенге ақшалай берді

Сакіева Меруерт-1 балаға оқу құра

Чугаева Гулмира-1 балаға оқу құрал сумкасымен алып берді

Биыл «Самұрық қазына» қоры 1 сыныпқа баратын алты балаға сумка ,оқу құралдарымен берді. Ол балалар Абзалұлы Мирас, Әзімбеков Алдияр, Жағыпаров Айсұлтан, Қасымова Шахназ, Тұрсынғали Жанер, Есенболов Мұхамед .

Былтырғы оқу жылында оқушылар арасында жәрменке ұйымдастырып өткідік. Бұл жәрменкеден түскен қаражатты әр сынып жетекшілерімен ақылдаса отырып әр сыныптан бір оқушыға керек затын алып бердік.

Биылда жәрменке ұйымдастырып одан түскен қаражатқа мұқтаж балаларға көмек жасасақ деп жоспарлап отырмыз.

кеңесінің отырысы

Хаттама №2

Өткізілген уақыты: 15.12.2022 жыл
Отырыстың төраға: Ш Серкенова
Қатысқандар: Кеңес мүшелері
Қатыспағандар: Жок
Шақырылғандар: Ата-аналар комитетінің төрағасы: Д Елубаева
Тәрбие ісі жөніндегі орынбасар: М Сакиева

Күн тәртібі:

1. Жалғыз басты, көп балалы, аз қамтылған қалған балаларға көмек көрсету.
2. Мектеп ұжымына, оқушыларға жаңа жылдық мерекені өткізуге көмектесу.
3. Аудан және облыстық шыршаға баратын балаларды анықтау.
4. Аудандық және облыстық шыршаға баратын балаларға көмек жасау

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша Қамқоршылық кеңестің төрағасы сөз алды. Өз сөзінде жаңа жыл қарсаңында және қаңтар айында өтетін «Қамқорлық» қайырымдылық акциясы кезінде жалғыз басты, көп балалы, аз қамтылған отбасынан шыққан балаларға көмек көрсету қажет екендігін атап өтті. Жомартова Аяла 5-сынып оқушысы көп балалы отбасынан шыққан және аз қамтылған. Тұрсынханов Архат 6-сынып оқушысы, аз қамтылған отбасынан шыққан. Нұрланқызы Ақнұр 3 сынып оқушысы, көп балалы аз қамтылған отбасынан шыққан. Айдын Бейбарыс 9 сынып оқушысы, аз қамтылған көп балалы отбасынан шыққан. Болатбекова Ақнұр 2 сынып оқушысы, аз қамтылған отбасынан шыққан. Облыстық президент шыршасына Оралханов Бауыржан 3 сынып оқушысы көп балалы, аз қамтылған, жартылай жетім отбасынан шыққан. Осы оқушыларды аудандық және облыстық шыршаға жіберуді ұсынамын. Сонымен қатар, қаңтар айында өтетін Республикалық «Қамқорлық» акциясы кезінде қайырымдылық жәрмеңкесін өткізіп, түскен қаржыға жалғыз басты және аз қамтылған балаларға материалдық көмек көрсетуге жұмдасак деген ұсыныс

айтты. Ұсынысты кеңес мүшелері толықтай құптады.

2. Екінші мәселе бойынша Тәрбие ісі жөніндегі орынбасар М Сакиева сөйледі. Ол өз кезегінде мектепшілік жаңа жылдық шырша мерекесін өткізу кезінде мектеп ұжымына көмектесіп, оқушыларға жақсы бір мейрам ұйымдастыруға ат салысып, бірігіп балаларға жаңа жылдық көңіл күй сыйласақ. Сонымен қатар, жаңа жылдық шыршаны ұйымдастыру кезінде демеушілер тарту арқылы жылдың үздік спортшы, жылдың үздік әнші, жылдың үздік оқушылары сынды номинациялар арқылы дарынды және талантты оқушыларды марапаттау ұсынылды. Бұл ұсынысты кеңес мүшелері толық қолдады.

3. Үшінші мәселе бойынша кеңес төрағасы Ш Серкенова «Қиын оқушылардың пайда болу себептерінің ата-анаға байланысты жақтары» атты баяндама оқып, қиын балалармен қандай жұмыс атқару керек және оларды дұрыс жолға қоюына ата-аналардың көп көмегі керек екендігіне тоқталып өтті. Ал әр сынып жетекшілері ата-анамен тығыз байланыс жасап, қиын оқушылардың тәртібі мен мінез-құлықтары, сыныптан тыс іс-шараларға қатыстыруына назар аудару туралы айтты. Және бұл іске кеңес отырысына шақырылып отырған ата – аналар комитетінің төрағасы Д Елубаевамен бірлесе жұмыс жасауға шақырды. Өз кезегінде ата – аналар комитетінің төрағасы бұл бірлесе жүргізілген жұмыстың міндетті түрде нәтижелі болатынын айтып өтті.

Шешім:

1. Жалғыз басты, көп балалы, аз қамтылған қалған оқушылардың жаңа жылдық шырша мерекесіне қатысуы қамтамасыз етілсін.
2. Республикалық «Қамқорлық» акциясы кезінде қайырымдылық жәрмеңкесі өткізіліп, түскен қаражат жалғыз басты, көп балалы, аз қамтылған қалған оқушыларға бөлініп берілсін.
3. Жаңа жылдық шыршаны ұйымдастыру және өткізу барысында дарынды және талантты балалар марапатталсын.
4. Мектеп пен отбасы арасындағы байланыс нығайтылсын.

Кеңес төрағасы:



Ш.Серкенова

Кеңес хатшысы:



Г.Чугаева

«К Төгісов атындағы орта мектебі» КММ-де қамқоршылық
кеңесінің отырысы

Хаттама №3

Өткізілген уақыты:	20.01.2023 жыл
Отырыстың төраға:	Ш Серкенова
Қатысқандар:	Кеңес мүшелері
Қатыспағандар:	3
Шақырылғандар:	Ата-аналар комитетінің төрағасы: Д.Елубаева ТІЖО : М Сакиева

Күн тәртібі:

- 1.Атаулы әлеуметтік көмек алмайтын ,аз қамтылған ,көп балалы отбасынан шыққан оқушыларды зертеу актысы арқылы бір реттік тегін тамаққа кіргізу.
2. Жыл сайын наурыз-сәуір айларында өтетін «Жүректен жүрекке» акциясы кезінде балардың арманын орындалуын бақылау
3. Мектебіміздегі өтетін ауқымды шараларға көмектесу

Тыңдалды:

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша Қамқоршылық кеңестің төрағасы сөз алды. Өз сөзінде жалғыз басты, көп балалы, аз қамтылған отбасынан шыққан балаларға көмек көрсету қажет екендігін атап өтті. .

Атап айтқанда: Қасымова Шахназ, Есембеков Мухамет,Кенжебекқызы Көркем,Нұрланқызы Ақнұр,Кенжебек Жантілеу,Оралханов Бауыржан,Абенов Нұртас,Оралханова Кәусар,Қасымова Инжу,Қуатқызы Наргиз,Нурланұлы Ералы,Қуатов Азамат,Қуатов Айдар,Нурланұлы Нуралы,Тұрсынқызы Зухра осы оқушыларға зертеу актісін жергілікті әкімшіліктен алып ,бір реттік тегін тамақ ішетіндер қатарына кіргізуді қсынды.Ұсынысты кеңес мүшелері толықтай құптады.

2. Екінші мәселе бойынша Тәрбие ісі жөніндегі орынбасар М Сакиева сөйледі. Жылда өтетін акция кезінде балалардың арманын орындауға атсалысып ,демеп жіберсе. Бұл акция кезінде баларға ең қажетті заттарын

алдыртып берсек деген ұсыныс айтты. Бұл ұсынысты кеңес мүшелері толық қолдады.

3. Үшінші мәселе бойынша кеңес төрағасы Ш Серкенова сөз алды, Өз сөзінде мектептегі өтетін шараларға ата-аналарды тартсақ ,сол шаралар кезінде ата-аналар комитетімен бірлесіп жұмыс атқарса деген ұсыныс білдірді.

Шешім:

1. Жалғыз басты, көп балалы, аз қамтылған қалған отбасынан шыққан оқушыларды зертеу актісі бойынша тегін тамақ ішушілер қатарына енгізілсін
2. Республикалық «Жүректен жүрекке» акциясы кезінде демеушілер тартуға көмектесу.
3. Мектеп пен отбасы арасындағы байланыс нығайтылсын.

Кеңес төрағасы:

Кеңес хатшысы:



Ш.Серкенова

Г Чугаева

Қамқоршылық кеңес отырысының
ХАТТАМАСЫ №4

19-мамыр 2023 жылы «К.Төгісов атындағы орта мектебі» КММ-де қамқоршылық кеңес отырысы болып өтті.

Қатысқандар: 9 адам, мектеп директоры Б.Кишанова

Қатыспағандар: жоқ

Күн тәртібінде:

1. Мектеп директоры Б.Кишанованың мектепті келесі жаңа оқу жылына дайындығы туралы есебі.
2. Әлеуметтік педагог Г Чугаеваның есебі

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша сөз алған мектеп директоры Б.Кишанова мектепті күрделі жөндеуден өткенін, балалардың жарық, жылы мектепте екі аусымда оқитынын атап өтті. Биылғы жылы мектепте жеңіл желпі жөндеулер және тазарту, ақтау жұмыстары болатынын атап өтті.

Екінші мәселе бойынша әлеуметтік педагог Г Чугаева айтып өтті. 10.05-20.05 2023 жыл аралығында аудан бөлген квота бойынша «Арайлы шығыс» лагеріне бізден екі бала барды, олар Әзімбеков Досжан мен Шарипов Қызыр. 2023 жылдың наурыз айынан басталған «Жүректен-жүрекке» Республикалық қайырымдылық акциясы өз жалғасын табууда. Атап айтқанда ДТІЖО Меруерт Бейсенбековна 5 сынып оқушысы Тұрсынханов Архатқа, «Еркем» ш.о әдіскері Клара Белгибаева 8-сынып оқушысы Тұрсынқызы Зухраға, ДІЖО Ердібаева Айман 2 сынып оқушысы Болатбекова Ақнұрға, мектеп тәлімгері Жандарбекова Назерке 5-сынып оқушысы Қуатқызы Кәусарға, есепшілер бөлімі 6-сынып оқушысы Әзімбеков Досжанға, әлеуметтік педагог Чугаева Гүльмира даярлық сыныбының оқушысы Архатқызы Әлфияға, орыс тілі пәнінің мұғалімі Хасенова Арайлым 1сынып оқушысы Есембеков Мұхаметке және 7-сынып оқушысы Марат Мансурға, ауылымыздың әкімшілігі 6 сынып оқушысы Өнерханова Данаға, Ауыл мал дәрігерлері 6-сынып оқушысы Мурзабеков Ануарға, мектеп психологы Бураханова Гульдария 3 сынып оқушысы Сезімге, мектептің математика пән мұғалімі Рахымова Дильназ 3сынып оқушысы Нұрланқызы Ақнұрға арман-тілектерін орындап демеушілік жасады.

Жарыс сөз:

1. Кеңес мүшесі Қасенова Нұргүл сөз алып мектептің жөндеу жұмыстары сәтті ойдағыдай, уақытымен аяқталып балалардың таза , жылы жаңарған мектепте оқығандарына қуанышты екенін атап өтті.

Күн тәртібіндегі мәселелерді талқылай келе, төмендегідей қаулы етеді:

1. Мектептің келесі жаңа оқу жылына балалар келгенге дайындығын директоры Б.Кишанова өз бақылауында ұстасын.

Қамқоршылық кеңес төрайымы:

Хатшы:

Ш.Серкенова

Г.Чугаева